



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

саналады. Ислам жүйесінде адам құқығы баладан басталады және ол өсиеттік нұсқау түрінде ғана емес, керісінше, шариғатта заңды түрде бекітілген балаға берілген құқық жүйесіндегі толық кепілдік болып табылады.

Адамның отбасы шаңырағы астында өткізген балалық шағы, өмірінің соңына дейін жол көрсетер жарық тәрізді. Бұл қоғаның құрылымында да байқалады. Әлеуметтанушы ғалымдардың айтуынша, отбасы мүшелері балалық шақ пен жастық шақтарында жақсы немесе жаман, яғни қалай жетіліп отырса, қоғам да соған түрленеді. Осы жағдайда ертеңгі қоғамды құрайтын балаларымызды, жастарымызды мықты мінезді, сенімі бар, тәрбиелі, дені сау және рухани күші жоғары болып жетілуінің әдістерін табу қажеттілігі бар.

Әрбір ұлттың қай кезде болмасын алдында тұратын ұлы мұраты - өз ісін, өнегесін, өмірін жалғастыратын ұрпақ тәрбиелеу. Сан ғасырлар бойы сақталып келе жатқан діни ережелерді, салт-дәстүрлерді, жаңа әлемдік талаптарға сәйкес заң жобаларын ұстанған қазақ халқының алдыңғы қатарлы өзекті мәселелердің бірі – балалар панасыздығы болуы өкінішті жағдай. Кез келген мемлекетте ұрпақ жалғастығының сақталуы оның тәрбиелі болуымен ұштасады.

Болашақ қоғам иелерін жан-жақты жетілген ақыл-парасаты мол, мәдени – ғылыми өресі зор азамат етіп тәрбиелеу ең алдымен ата-ананың содан кейін қоғамның борышы. Жетімдердің жағдайын жақсарту, оларға тәрбие беру, дінін, ділін таныту, мінез-құлқын түзету, өнеркәсіп үйрету, ең елеулі, қасиетті діни, сонымен қатар адамгершілік борышымыз. Қоғамдық тұрғыдан қарастырсақ, жетім, панасыз қалған балалар қамқорлыққа лайық жандардың алдыңғы қатары. Себебі олар, ерекше қамқорлыққа, тәрбиеге мұқтаж. Екіншіден, панасыз балалар дұрыс бағылмай, тәрбие көрмесе қоғамға зиянды ұрпақтың өсуі сонда болады. Ұрпақ тәрбиесінде өткен тарих құндылықтары мен имандылық тәрбиесін ұштастыра отырып, келешек ұрпақты ізгілік пен парасаттылыққа баулу қажет. Ұрпақ тәрбиесі олардың құқықтарын аяққа баспай, жоғары дәрежеде бағалауды жөн көреді. Ұрпақ жалғастығының сақталуы оның тәрбиелі болуымен ұштасады.

Қолданылған әдебиет:

1. Арғынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке. – Алматы: Ғылым, 1973. – 326 б.
2. Неке және отбасы туралы. Қазақстан Республикасының Заңы. – Алматы: Юрист, 2008. – 56 б.
3. Жұмабаев М. Педагогика Алматы, 1992. Б. – 13-14.
4. Абай энциклопедиясы. Абайдың қара сөздері. Алматы: «Атамұра», 1995. – 712 б.
5. «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясы. Алматы: Қазақстан энциклопедиясы, 1999. – 720 б.
6. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы: «Рауан», 1994. – 210 б.

ӘОЖ 929

ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ СИПАТЫ МЕН АДАМГЕРШІЛІК ҮЛГІСІ

Матаева Н.А.

Астана қ., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
тарих мамандығының 1-курс магистранты

nazym_1989@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д, профессор Садықов Т.С

Қазақ халқының тарихы мен мәдениетінде өзіндік із қалдырған, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген, ұлы Абай мектебінің дәстүрін жалғастырушы, өзінен кейінгі ұрпаққа сарқылмас мол мәдени мұра қалдырған Шәкәрім

Құдайбердиев белгілі гуманист ақын, ойшыл тарихшы-шежіреші ағартушы, ғұлама болды. Оқып біліп, айтып көріп жүрген ақын – жазушылардың ешқайсысына ұқсамайтын Шәкәрім шығармаларының бір шеті Алтай өңірі, бір шеті Қытай еліне де жақсы таныс. Әр шығарманың өзіндік қалыптасу дәстүрі, тарихи терең тағылымы бар. XIX ғасырдың 2 жартысында қазақ халқының тарихы мен әдебиетін, мәдениетін қалыптастыру жолында елеулі еңбек еткен, Шоқан, Ыбырай, Абайлармен тұстас, замандас болған, сол кезеңнің аумалы - төкпелі дәуірінің куәсі Шәкәрім Құдайбердіұлының өз заманындағы адамға, қоғамға, өзін қоршаған ортаға әлеуметтік жағдайларға байланысты туындаған көзқарасты, ой-түйіні бағыты болуы шартты еді. Сондықтан да Шәкәрім XIX ғасырдың аяғы XX ғасыр басындағы қазақ өміріндегі оқиғаларға құбылыстарға қызу үнін қосты. Оның ішінде жаңа заман жастарын оқу - білімге өнерге шақыру лебі бар. Осы оқу білім, өнер жолында бір адамнан үлгі алып үйренейік, соған жүгінейік деген ой айтады. «Жастардың рухани азық алып, жан сарайы тазартуда үлгі болар адам біреу ғана ол - Абай» - дейді жастайынан өз пір тұтып үлгі алған Абай бойындағы адамгершілік пен мейірім, адалдық пен ар, ұят тәрізді ұғымдарды философиялық терең толғауларда Абай өсиеті арқылы беруді мақсат тұтады.

Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,
Арам айла, зорлықсыз мал табалық.
Өшпес өмір, таусылмас амал берелік,
Бір білімді данышпан жан табалық.

1877 жылы жазылған бұл өлеңнің меңзегені жастар болашағы. Оқу-білімсіз ел ертеңі жоқ екенін айтып түсіндіруге айтып тырысады. Өзі жүріп өткен өмір өткелдерінде, тағдыр алқасында Шәкәрім ұстанған бағыты. Таңдаған жолы өздігінен іздену, оқу, білім, үйрену ұлылардан үлгі алу. Сондықтан да ол білімділікті дәріптеген, ұлағатты ойлар айтып, өздігінен білім алу, оқу, іздену жолдарын ұсынған, соны дамытуға күш салған. Білім алудың ең оңтайлы кезеңі жастық шақ екендігіне де назар аударады. Абайша толғап, Абайша өкінеді. Өз өкінішін өсиет етіп қалдырады. Ол арнайы білім беру, оқыту ісіне арласып, белгілі бір еңбектер жазбағанымен, осы салада терең ой толғап, болашақ ұрпақты қайткенде білімді салауатты санала етіп тәрбиелейміз, - деген мәселелер төңірегінде сөз қозғап, өзіндік көзқарас туындырып жол нұсқайды. Жастардың өздігінен ізденіп оқу жолындағы мақсат - міндетін айқындауға өзінің Меккеге сапарын үлгі қылады.

Сезіндім біразын байқай,
Кітап, ғылым, ой алмаққа.
Маған жол болды сол жаққа,
Жұмылдым Мекке бармаққа.

Шәкәрімнің бүкіл шығармашылығының өң бойына желі болып табылған ой-толғаныс, парасат-пайымы, ұстанған бағыт бағдары - Шығыс пен Батыстың озық ойлы даналарының үлгі өнегесі - тәлім тағлымы. Өздігінен оқып, бірнеше тілді жетік білген ғұламаның кейінгілерге берері, айтпақ ақылы, қалдырған мұрасы да осы жан-жақты білімді меңгеру жолы. Ақынның жүріп өткен жолы, өмір кезеңі оның шығармашылығының тарихылылығын айқындайды. Сондықтан да Шәкәрім өлеңдерінде жеке адамның өсу кезеңдерінен бастап, ол өмір сүрген орта, қоғам өмірінің өзгерістері, тарихи саяси болмысы белгілі бір замандылықпен суреттеледі. Шәкәрім өзі өмір сүрген, қазақ еліне ерекше тарихи өзгерістер енгізген. Халқымыздың санасын жаңғыртып, түрлі жаңалық, өзгерістер әкелген. Шәкәрім ұстанған дәстүр мен жаңашылдық Батыс пен Шығыстың әдеби мұраларынан бастау алып, Абайға ұласқан жалғастық оны өзіндік көзқарасын қалыптастырғанын, ол дәстүрлерді қабылдағанын көрсетеді. Ақынның қоғам өміріндегі өзгерісті асқан парасаттылықпен меңгеруге себеп: оның қазақ зиялыларымен орыс интеллигенциясымен жақын таныс, пікірлес болғандығына олармен бірге қоғамдық маңызы бар істермен араласуында. Маңызды істерге араласа жүріп халқына түзу жол, бағыт-бағдар сілтеп отырды. Адам табиғатының диалектикалық күрделі де, қат-қабат қайшылықты құрамын жасауда, сонымен қоса, қазақ қоғамының шындығын көрсетуде Шәкәрім өз тұрғысынан келді. Ол

өлең өрнегі және философия сонымен қоса адамның ішкі психологизімін бірлестіре отыра, қазақ тарихына жаңаша мазмұн мен түр әкелді. Адамның «Ішкі әлемнің» күрделілігін, құндылығын ішкі сапа мәселелерін алға қойды. Адам мінезіндегі сан түрлі қайшылықтарды жеңуде, оған сыртқы ортаның әсерін, онымен қарым-қатынаста бола тұра, адамның «ішкі әлемнің» өзінің-өзі игеруі керек деген идеяны ұсынды. Шәкәрімнің адам жайындағы түсінігі және оны көркемдеп суреттеу тәсілдері қазақ тарихы мен философиясына маңызды өзгерістер әкелді.

Жалпы адам тануда, «Құдайтануда», «Ішкі әлем» жөнінде айтқан ойлары тек қана әдебиет пен философияның ғана сыбағасына тиетін үлес қана емес. Сонымен қоса ұлттық санаға, ұлттың дамуына әсер ететін дәрежедегі идеялар еді. Шәкәрім күн тәртібіне адам сапасын арттырудың, оған қандай мінез- құлықтың әсері және қандай адами құндылықтарды дамыту керек деген мәселелерді қойды. Шәкәрім сыртқы ортаның әлеуметтік жағдайдың адамға ықпалын әсерін анық байқай отыра, сол ортаны, қоғамды, әлеуметтік өмірді өзгерту жағдайына, адамның рухани толыққанды қалыптасқан әсерінің күштілігін мойындайды. Адамның іштей дамуын, ішкі жан дүниесінің өзгеруі, психологиясын, дүниетанымын өзгерту, дұрыстыққа бұруы адамның өз қолында.

Шәкәрім шығармашылығының бір иірімі, Жаратушы мен адам, махаббат адамшылық, адами қасиеттер мен құндылықтар, адамның жекелік дамуының көрінісі деген ойларда жатыр. Шәкәрім оптимизмі де ұлт болашағына қатысты. Оның болашаққа деген үміті зор, ұлттың дамуын, өз ұлтының озық дәстүрлерімен ерекшеліктерін сақтай отыра, оның дамуының қайталанбас көздерін, бағыттарын табуды мақсат тұтты. Ұлттың өткен тарихына сүйене отырып, жаңашылдығы басым жан-жақты ізденістер мен дүниетаным дамытуда көркемдік тәсілдерді кеңінен пайдаланды. Өлең сөздерінің байлығы, сұлулығы қазақ тілінің бай сөздік қорына айналып отырды.

Жалпы алғанда, Шәкәрім шығармаларының басым көпшілігі – поэзиялық шығармалар. Сөз өнерінің осы байырғы түрі – поэзияда, ең алдымен, адам өмірінің қат-қабат қыры мен сыры, қуат берер қуанышы мен қартайтар қайғысы, алға тартар арманы мен жетелер үміті, сәулелі серпін туғызар мұрат-мақсаттары – баршасы көркем бояулармен, сан-қилы ою-өрнегімен көрініс табатыны хақ. Шәкәрім шығармаларының мазмұны бай, түрі мол. Поэзиясында азаматтық лирикасы да, философиялық лирикасы да, махаббат лирикасы да, табиғат лирикасы да бар, ода, сонет, тарихи баллада, халық өлеңдері түріне жазылған шығармалар да кездеседі. Ақын өзінің шығармаларында дүниенің барлық көріністерін, адам өміріндегі мың алуан құбылыстарды бүкіл болмысымен, барлық жүйке-сезімімен қабылдай білген. Ол жердің сырын, желдің үнін, құстың әнін, адамның арман-қиялымен, мұңымен бірдей түсінді. Ақын мұраларына үңілсек, Шәкәрімнің ақындық жаңашылдығы тыңнан қосқан өлең-өлшем өрнектерінен, өлеңдеріне шығарған әндерінен, үздік композиторлық дарынынан да анық танылатындығын көре аламыз. Осы жағынан қарасақ, Шәкәрім қазақ әдебиетінде ғана емес, дүниежүзілік әдебиетте де өзінің орны бар, шоқтығы биік тұлға деп айта аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Шалабаев Б. Қазақ романының тууы мен қалыптасуы, Алматы-1997.
2. Нұрғалиев Р. Күретамыр, Алматы-1996.
3. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы

ӘОЖ 94:321.1(574) „14”/„15”

XV ҒАСЫРДЫҢ II-ЖАРТЫСЫ ЖӘНЕ XVI ҒАСЫРДЫҢ I-ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДАРЫНЫҢ ТАРИХИ РӨЛІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Рысбекова Ақнұр Бақытжанқызы